

1.	ҚАУІПСІЗДІК ТУРАЛЫ НЕГІЗГІ ЕСКЕРТУЛЕР	197
2.	ҚАУІПСІЗДІК БОЙЫНША ЕСКЕРТУЛЕР ..	198
2.1	Нұсқаулықта қолданылатын таңбалар	198
2.2	Пайдалану мақсаты	198
2.3	Пайдалану нұсқаулығы	198
3.	КІРІСПЕ	198
3.1	Жақшадағы әріптер	198
3.2	Ақаулықтарды жою және жөндеу	198
4.	СИПАТТАМА	199
4.1	Құрылғының сипаттамасы	199
4.2	Басқару тақтасының сипаттамасы	199
4.3	Керек-жарақтар сипаттамасы	199
4.4	Сүт ыдысының сипаттамасы	199
5.	ПАЙДАЛАНБАС БҰРЫН	199
5.1	Құрылғыны тексеру	199
5.2	Құрылғыны орнату	199
5.3	Құрылғыны жалғау	200
5.4	Құрылғыны алғаш рет пайдалану	200
6.	ҚҰРЫЛҒЫНЫ ІСКЕ ҚОСУ	200
7.	ҚҰРЫЛҒЫНЫ ӨШІРУ	201
8.	МӘЗІР ПАРАМЕТРЛЕР І	201
8.1	Шаю	201
8.2	Қақ тазалау	201
8.3	Сүзгіні орнату	201
8.4	Сүзгіні ауыстыру (орнатылған болса)	201
8.5	Уақытты реттеу	201
8.6	Авто бастау	202
8.7	Қуат үнемдеу	202
8.8	Температураны орнату	203
8.9	Судың қаттылығын анықтау	203
8.10	Тілді орнату	203
8.11	Дыбыс дабылы	203
8.12	Әдепкі мәндер (reset)	203
8.13	Статистика функциясы	203
9.	КОФЕ ЖАСАУ	204
9.1	Кофе дәмін таңдау	204
9.2	Кеседегі кофе мөлшерін таңдау ..	204
9.3	«Менің кофем» мөлшерін реттеу ..	204
9.4	Кофе тартқышты реттеу	204
9.5	Ыстығырақ кофе алу туралы кеңестер	204
9.6	Кофе дәндерінен кофе жасау	205
9.7	Ұнтақ кофеден кофе жасау	205
9.8	Кофе дәндерінен ЛОНГ кофесін жасау	205
9.9	Ұнтақ кофеден ЛОНГ кофесін жасау ..	206
9.10	ЛОНГ кофесінің мөлшерін реттеу ..	206
10.	СҮТ ҚОСЫЛҒАН КОФЕ ТҮРЛЕРІН ЖАСАУ ...	206
10.1	Сүт ыдысын толтыру және бекіту ..	206
10.2	Көпіршік мөлшерін реттеу	206
10.3	Сүт негізіндегі кофелерді автоматты түрде жасау	207
10.4	«MILK MENU» (СҮТ МӘЗІРІ) мәзірінің көмегімен ыстық сусындар жасау ..	207
10.5	Сүт ыдысын пайдаланған соң тазалау	207
10.6	Кеседегі кофенің және сүттің мөлшерін КАППУЧИНО түймесімен бағдарламалаңыз	208
10.7	Кеседегі кофенің немесе сүттің мөлшерін MILK MENU (СҮТ МӘЗІРІ) түймесіне бағдарламалау	208
11.	ЫСТЫҚ СУ ҚҰЮ	208
11.1	Құйылып жатқан ыстық суды қолмен тоқтату үшін, түймесін қайта басыңыз	208
12.	ТАЗАЛАУ	209
12.1	Шығаратын машинаны тазалау ...	209
12.2	Машинаның ішкі сұлбасын тазалау ...	209
12.3	Ұнтақ кофе ыдысын тазалау	209
12.4	Тамшы науасын және су жиналу науасын тазалау	209
12.5	Кофе құрылғысын ішін тазалау ...	210
12.6	Су ыдысын тазалау	210
12.7	Кофе шүмектерін тазалау	210
12.8	Ұнтақ кофе воронкасын тазалау ..	210
12.9	Демдеу торын тазалау	210
12.10	Сүт ыдысын тазалау	211
12.11	Ыстық су/бу түтігінің қондырмасын тазалау	211
13.	ҚАҚ ТАЗАЛАУ	211
14.	СУ ҚАТТЫЛЫҒЫН РЕТТЕУ	213
14.1	Су қаттылығын өлшеу	213
14.2	Әрбір шаршы бір деңгей болып есептеледі	213
15.	СУ ЖҰМСАРТҚЫШ СҮЗГІ	213
15.1	Сүзгіні орнату	213
15.2	Сүзгіні салу	214
15.3	Сүзгіні шығару	214
16.	ТЕХНИКАЛЫҚ ДЕРЕК	215
17.	ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ	215
18.	ДИСПЛЕЙДЕ КӨРСЕТІЛЕТІН ХАБАРЛАР ..	216
19.	АҚАУЛЫҚТАРДЫ ЖОЮ	218

1. ҚАУІПСІЗДІК ТУРАЛЫ НЕГІЗГІ ЕСКЕРТУЛЕР

- Дене, сезу және ойлау қабілеті шектелген, сондай-ақ тәжірибесі мен білімі жоқ тұлғалар (соған қоса балалар) бұйымды пайдалана алмайды, бірақ осындай тұлғалар бақылауға алынатын немесе олардың қауіпсіздігі үшін жауапкершілік тартатын адам бұйымды қауіпсіз түрде қолдануға үйреткен жағдайлар бұған қосылмайды.
- Балалардың осы құрылғымен ойнамауын қадағалаңыз.
- Тазалауды және пайдаланушы орындайтын техникалық күтімді балаларға бақылаусыз орындатпау керек.
- Құрылғыны ешқашан суға батыру арқылы тазаламаңыз.
- Бұл тек үйде пайдалануға арналған құрылғы. Оны мынадай жерлерде пайдалануға болмайды: дүкендердегі, офистердегі және басқа жұмыс орталарындағы қызметкерлер тамақтанатын орындарда; фермаларда; қонақүйлердегі, мотельдердегі және басқа қонақ күту орталарындағы клиенттерге; төсек және таңғы ас беретін орталарда.
- Егер ашалы қосқыш немесе сым зақымданса, барлық қауіп-қатерлердің алдын алу үшін оны тек тұтынушыларды қолдау қызметтері ауыстыруы керек.

ТЕК ЕУРОПАЛЫҚ НАРЫҚҚА АРНАЛҒАН:

- Бұл құрылғыны 8 жастан асқан балаларға тек оларға ықтимал қауіп-қатерлер мен құрылғыны қауіпсіз жолмен пайдалану туралы нұсқау берілгенде және олар бақыланғанда ғана пайдалануға болады. 8 жасар және одан үлкен және қарауға алынған балаларды қоспағанда, пайдаланушының құзыретіне кіретін тазарту және қызмет көрсету әрекеттерін балалар орындамауы керек. Құрылғыны және қуат кабелін 8 жастан аспаған балалардан аулақ ұстаңыз.
- Бұл құрылғыны қозғалу, сезу немесе ойлану мүмкіндіктері шектелген адамдарға немесе осы құрылғыға қатысты тәжірибесі немесе білімі жоқ адамдарға тек оларға ықтимал қауіп-қатерлер мен құрылғыны қауіпсіз жолмен пайдалану туралы нұсқау берілгенде және олар бақыланғанда ғана пайдалануға болады.
- Балалардың құрылғымен ойнамауы керек.
- Құрылғы қараусыз қалатын кезде және оны құрастыру, оның бөлшектерін шешу немесе тазалау алдында оны әрқашан розеткадан ажыратып жүріңіз.



Осы таңбамен белгіленген беттер пайдалану барысында ыстық болады (бұл таңба тек кейбір үлгілерде ғана бар).

2. ҚАУІПСІЗДІК БОЙЫНША ЕСКЕРТУЛЕР

2.1 Нұсқаулықта қолданылатын таңбалар
Маңызды ескертулер осы таңбалармен анықталады.
Осы ескертулерді құрметтеу өте маңызды болып табылады.



Қауіпті!

Мұндай ескертуді елемей электр тогына түсу салдарынан өмірге қауіп төндіретін жарақатқа себеп болуы мүмкін.



Маңызды!

Мұндай ескертуді елемей жарақаттануға немесе құрылғыны зақымдауға себеп болуы мүмкін.



Күйіп қалу қаупі бар!

Мұндай ескертуді елемей күйіп қалуға әкеп соқтырады.



Ескеріңіз:

Бұл таңба пайдаланушыға арналған маңызды кеңесті немесе ақпаратты білдіреді.



Қауіпті!

Бұл – электрлік құрылғы, сондықтан ол электр тогына түсуге себеп болуы мүмкін.

Сондықтан, осы қауіпсіздік туралы ескертулерді ұстануыңыз керек:

- Құрылғыны ылғал қолдарыңызбен немесе аяқтарыңызбен тұртпеңіз.
- Сымды ешқашан ылғал қолмен ұстамаңыз.
- Розетканың құрылғыны қажет кезде ажыратуға болатындай оңай қол жеткізетін жерде орналасқанына көз жеткізіңіз.
- Тек ашалы қосқыштан ұстап ажыратыңыз. Ешқашан сымнан ұстап тартпаңыз, себебі оны зақымдауыңыз мүмкін.
- Құрылғыны толық ажырату үшін, оны розеткадан ажыратуыңыз керек.
- Егер құрылғы ақаулы болса, оны жөндеуге тырыспаңыз.
Оны өшіру үшін розеткадан ажыратыңыз және тұтынушыны қолдау қызметтерімен хабарласыңыз.
- Құрылғыны тазаламас бұрын, оны әрқашан розеткадан суырыңыз да, суытып қойыңыз.



Маңызды:

Барлық орам (пластик қалталар, полистирен көбігі) материалдарын балалардан аулақ ұстаңыз.



Күйіп қалу қаупі бар!

Бұл құрылғы ыстық су шығарады және пайдалану барысында ол бу қалыптасуы мүмкін.

Су шашырандыларынан немесе ыстық будан абай болыңыз.

Құрылғыны қолданып жатқан кезде, кесе ұстағыш ыстық болуы мүмкін.

2.2 Пайдалану мақсаты

Бұл құрылғы кофе және ыстық сусындар дайындауға арналған.

Кез келген басқа қолданыс дұрыс емес және қауіпті болып есептеледі. Өнім жасаушысы құрылғыны дұрыс пайдаланбаудан туындайтын зақым үшін жауапты емес.

2.3 Пайдалану нұсқаулығы

Құрылғыны пайдаланбас бұрын осы пайдалану нұсқаулығын мұқият оқып шығыңыз. Мұндай пайдалану нұсқауларын елемей күйіп қалуға немесе құрылғыны зақымдауға себеп болуы мүмкін. Өнім жасаушысы осы нұсқауды елемеден туындайтын зақым үшін жауапты болмайды.



Ескеріңіз:

Осы пайдалану нұсқаулығын сақтап қойыңыз. Егер құрылғы басқа адамдарға берілсе, оларды осы пайдалану нұсқаулығымен бірге беру керек.

3. КІРІСПЕ

Осы автоматты эспрессо және капучино жасау құрылғысын таңдағаныңызға рахмет.

Жаңа құрылғыңызды рахатыңызға пайдаланасыз деп үміттенеміз. Осы пайдалану нұсқаулығын оқып шығуға бірнеше минут бөліңіз. Бұл барлық қауіп-қатерлер мен құрылғының зақымдануының алдын алады.

3.1 Жақшадағы әріптер

Жақша ішіндегі әріптер 2 және 3-беттегі «Құрылғы сипаттамасы» бөліміндегі шартты белгілерге сілтейді.

3.2 Ақаулықтарды жою және жөндеу

Проблемалар болған жағдайда, алдымен оларды "18. дисплейде көрсетілетін хабарлар" және "19. Ақаулықтарды жою" бөлімдерінде берілген ақпаратқа жүгіне отырып шешуге тырысыңыз. Егер проблема осылай шешілмесе және қосымша ақпарат талап етсеңіз, «Тұтынушыларды қолдау қызметі» қосымша парағында берілген нөмірге

қоңырау шалу арқылы тұтынушыны қолдау қызметімен хабарласыңыз.

Егер еліңіз берілген елдер тізімінен табылмаса, кепілдікте берілген нөмірге қоңырау шалыңыз. Егер жөндеу қажет болса, De'Longhi тұтынушыны қолдау қызметтерімен ғана хабарласыңыз. Мекенжайлар құрылғымен бірге берілген кепілдік куәлігінде берілген.

4. СИПАТТАМА

4.1 Құрылғының сипаттамасы

(3-бет - А)

- A1. Дәндер ыдысының қақпағы
- A2. Ұнтақ кофе воронкасының қақпағы
- A3. Дәндер ыдысы
- A4. Ұнтақ кофе воронкасы
- A5. Тартуды реттеу дөңгелегі
- A6. Кесе ұстағыш
- A7. Кофе шүмегі (биіктігі реттеледі)
- A8. Ыстық су және бу түтігінің қондырмасы
- A9. Су жиналатын науа
- A10. Тартылған кофе ыдысы
- A11. Қақпақ науасы
- A12. Тамшы науасы
- A13. Тамшы науасындағы су деңгейінің көрсеткіші
- A14. Демдеу торының қақпағы
- A15. демдеу торы
- A16. Су ыдысы
- A17. Су жұмсартқыш сүзгі орны
- A18. Су ыдысының қақпағы
- A19. Қуат кабелінің ұяшығы
- A20. Қуат қосқышы

4.2 Басқару тақтасының сипаттамасы

(2-бет - В)

Тақтадағы бірнеше түйменің қос функциялары бар. Ол сипаттамада жақшалардың ішінде көрсетілген.

- B1.  түймесі: құрылғыны іске қосады және өшіреді (күту режимі)
- B2. Мәзірді ашуға арналған MENU/ESC түймесі (Бағдарламалау мәзірін ашу барысында: мәзірден шығу үшін басыңыз)
- B3. OK түймесі: таңдалған функцияны іске қосу және растауға арналған
- B4. Дисплей: пайдаланушыға құрылғыны пайдалану барысында нұсқау береді
- B5.  түймесі: кофе қоюлығын таңдайды

B6.  дәм таңдау түймесі: кофе дәмін таңдау үшін басыңыз

B7.  түймесі: ыстық су құюға арналған

B8.  түймесі: 1 кесе LONG Coffee (ЛОНГ кофе) жасауға арналған

B9. CAPPUCCINO (Капучино) түймесі: бір кесе капучино құюға арналған (Бағдарламалау мәзірін ашу барысында, мәзір < бойынша жылжу үшін басыңыз)

B10. MILK MENU түймесі: CAFFELATTE, LATTE MACCHIATO, FLAT WHITE, MILK (КАФЕЛАТТЕ, ЛАТТЕ МАКИАТО, ФЛЭТ УАЙТ, СҮТ) дайындау мәзірін ашуға арналған (Бағдарламалау мәзірін ашу барысында, мәзір бойынша жылжу үшін > басыңыз)

B11.  түймесі: дисплейде көрсетілген параметрлермен 1 кесе кофе жасауға арналған

B12.  түймесі: дисплейде көрсетілген параметрлермен 2 кесе кофе жасауға арналған

4.3 Керек-жарақтар сипаттамасы

(2-бет - С)

- C1. «Total Hardness Test» тексеру жолағы
- C2. Ұнтақ кофе өлшеуіші
- C3. Қақ тазартқыш
- C4. Су жұмсартқыш сүзгі (кейбір үлгілерде ғана бар)
- C5. Тазалау щеткасы
- C6. Ыстық су құю
- C7. Қуат кабелі

4.4 Сүт ыдысының сипаттамасы

(2-бет - D)

- D1. Көпіршікті реттеу және ТАЗАЛАУ дөңгелегі
- D2. Сүт ыдысының қақпағы
- D3. Сүт ыдысы
- D4. Сүт сору түтігі
- D5. Көпіршітілген сүт шүмегі (реттеледі)

5. ПАЙДАЛАНБАС БҰРЫН

5.1 Құрылғыны тексеру

Орамды ашқан соң, құрылғы бөлшектерінің түгелдігін, зақымданбаған және барлық керек-жарақтардың болуын тексеріңіз. Егер құрылғының зақымданғаны көрініп тұрса, оны пайдаланбаңыз. De'Longhi тұтынушыларды қолдау қызметтерімен хабарласыңыз.

5.2 Құрылғыны орнату

 Маңызды!

Құрылғыны орнатқан кезде, мына қауіпсіздік туралы ескертулерге назар аударуыңыз керек:

- Аппараттың жұмыс істеу процессінде қоршаған ортаға жылу бөлінеді. Құрылғыны пайдаланылатын жерге орналастырған соң, құрылғының беттері мен бүйірдегі және арттағы қабырға арасына 3 см, ал құрылғының үстіне 15 см бос орын қалдырыңыз.
- Кофе құрылғысына кірген су оны зақымдауы мүмкін.
Құрылғыны шүмектерге немесе раковиналарға жақын қоймаңыз.
- Құрылғыдағы су қатып қалса, ол зақымдануы мүмкін.
Бұл құрылғыны температурасы нөлден төмен түсуі мүмкін бөлмеге орнатпаңыз.
- Қуат кабелін қыры өткір немесе беті ыстық заттарға тимейтіндей етіп жүргізіңіз (мысалы, электрлік ыстық плиталар).

5.3 Құрылғыны жалғау



Маңызды!

Розетка қуаты кернеуінің құрылғы астындағы мәліметтер тақтасында көрсетілген кернеуге сәйкестігін тексеріңіз.

Құрылғыны ток күші кемінде 10 А есептелген және барлық ережелерге сәйкес орнатылған дұрыс тұйықтандырылған розеткаға ғана қосыңыз.

Егер розетка қуаты құрылғыдағы қуатқа сай болмаса, тиісті розетка түрін білікті маманға ауыстыртыңыз.

5.4 Құрылғыны алғаш рет пайдалану



Ескеріңіз!

- Құрылғыны зауытта тексерген кезде кофе пайдаланылды, сондықтан, кофе тартқышта кофе іздері қалса, бұл – қалыпты нәрсе. Дегенмен, бұл құрылғының жаңа екеніне кепілдік беріледі.
- Судың қаттылығын "14. Су қаттылығын реттеу" бөліміне жүгіне отырып тез арада реттеңіз.
- 1. Қуат кабелін (С7) құрылғының артқы жағындағы ұяшыққа қосыңыз және құрылғыны розеткаға жалғаңыз (1-сурет) және құрылғының бір жағында орналасқан негізгі қосқыштың (А20) басылғанына көз жеткізіңіз (2-сурет).
- 2. Су ыдысын (А16) шығарыңыз (3-сурет), қақпақты (А18) ашыңыз (4-сурет), MAX жолағына дейін таза су құйыңыз (5-сурет); қақпақты жауып, ыдысты орнына салыңыз.

Көрсеткі пернелерімен алға не артқа жылжу < (B9) немесе > (B10) (6-сурет) дисплейді (B4) автоматты түрде тілдің ауысқанын күту (шамамен 3 секунд сайын) арқылы қалаған тілді таңдауыңыз қажет:

3. Қазақ тілі жазуы пайда болған кезде, ОК түймесін (B3-7-сурет) дисплейде қажетті тіл (мысалы, қазақ тілі) жазуы шыққанша бірнеше секунд басып тұрыңыз.

Құрылғы дисплейінде көрсетілген мына нұсқауларды орындаңыз:

4. «INSERT WATER SPOUT» (Су шүмегін енгізіңіз): Түтік қондырмасына (A8) ыстық су шүмегінің (C6) енгізілгеніне көз жеткізіп, ішінде кемінде 100 мл суы бар ыдысты шүмектің астына орналастырыңыз (8-сурет).
5. Дисплейде «HOT WATER, PRESS OK» («ЫСТЫҚ СУ, ОК түймесін басыңыз») хабары көрсетіледі;
6. Растау үшін ОК түймесін басыңыз: бұл құрылғы суды шүмектен автоматты түрде ағызады және тоқтатады.

Кофе жасау құрылғысы енді әдеттегідей пайдалануға дайын.



Ескеріңіз!

- Құрылғыны бірінші рет пайдаланған кезде, ол қанағаттанарлық нәтижені 4-5 кесе кофе немесе 4-5 капучино жасағаннан кейін береді.
- Алғашқы 5-6 капучиноны жасап жатқан кезде, қайнап жатқан судың дыбысы естілсе, бұл – қалыпты жағдай: Одан кейін дыбыс бәсеңдейді.
- Кофенің рахатын одан бетер күшейту және құрылғының тиімділігін жақсарту үшін, біз "15. су жұмсартқыш сүзгі" бөлімінде сипатталғандай, су жұмсартқыш сүзгіні (C4) орнатуды ұсынамыз. Егер сіздегі үлгі сүзгімен келмесе, оны De'Longhi тұтынушыларды қолдау орталығынан талап ете аласыз.

6. ҚҰРЫЛҒЫНЫ ІСКЕ ҚОСУ



Ескеріңіз!

Құрылғыны іске қоспас бұрын, негізгі қосқыштың (А20) қосылғанын тексеріңіз (2-сурет).

Құрылғы іске қосылған сайын, ол кедергі жасауға болмайтын алдын ала қыздыру және шаю циклін автоматты түрде орындайды. Құрылғы тек осы цикл аяқталған соң ғана пайдалануға дайын болады.



Күйіп қалу қаупі бар!

Шаю барысында кофе шүмегінен (A7) шамалы ыстық су шығады және төмендегі тамшы науасына (A12) жиналады. Су шашырандыларынан абай болыңыз.

- Қосу үшін  (B1-9-сурет) түймесін басыңыз: дисплейде (B4) « Heating up, Please wait» (Қызуда, күте тұрыңыз) хабары көрсетіледі. «RINSING» (Шаю); бұндай режимде, қазанның қызуынанбұндай режимде, қазанның қызуынан бөлек, бұйым ішкі құбырларды қыздыру үшін, ыстық судың солардың ішімен айналдыруды жалғастырады.

Кофенің дәмі мен мөлшерін көрсететін хабар пайда болған кезде құрылғының тиісті температурада болғаны.

7. ҚҰРЫЛҒЫНЫ ӨШІРУ

Құрылғы кофе жасау үшін пайдаланылғаннан кейін кез келген уақытта ол автоматты шаю процесін орындайды.



Күйіп қалу қаупі бар!

Шаю барысында кофе шүмектерінен (A7) аздап ыстық су шығады және төмендегі тамшы науасына жиналады. Су шашырандыларынан абай болыңыз.

- Құрылғыны өшіру үшін түймесін  (B1-9-сурет) басыңыз.
- «Turning off underway, Please wait» (Өшірілуде, күте тұрыңыз)хабары (B4) көрсетіледі: тиісті параметр орнатылса, іқұрылғы шаю циклін орындайды да, өшіріледі (күту режиміне өтеді).



Ескеріңіз!

Құрылғыны біраз уақыт бойы пайдаланбайтын босаңыз, розеткадан ажыратыңыз:

- Құрылғыны өшіру үшін түймесін  (9-сурет) басыңыз;
- Құрылғының артындағы негізгі қосқышты (A20) босатыңыз (2-сурет).



Маңызды!

Құрылғы іске қосұлы болған кезде негізгі қосқышты ешқашан баспаңыз.

8. МӘЗІР ПАРАМЕТРЛЕРІ

8.1 Шаю

Құрылғының ішкі құбырларын шаю және қыздыру үшін, егер кофе шүмегі (A7) және ыстық су шүмегі (C6) салынған болса, ыстық суды осы функцияның көмегімен аталған шүмектер арқылы беруге болады.

Кофе шүмегінің астына ыстық су сыйымдылығы кемінде 100 мл құрайтын ыдыс (8-сурет) қойыңыз. Бұл функцияны іске қосу үшін, мына әрекеттерді орындаңыз:

1. Мәзірге кіру үшін MENU/ESC (B2) түймесін басыңыз;
2. < (B9) немесе > (B10) түймесін (6-сурет) «Rinsing» (Шаю) хабары (B4) көрінгенше басыңыз;
3. ОК түймесін (B3 - 7-сурет) басыңыз: дисплейде « Confirm?» (Растау керек пе?) сұрағы көрсетіледі;



Маңызды! Күйіп қалу қаупі бар

Ыстық су құю барысында құрылғыны қараусыз қалдырмаңыз.

4. ОК түймесін басыңыз: дисплейде «RINSING, Please wait» (ШАЮ, Күте тұрыңыз) хабары көрсетіледі;
5. Бірнеше секундтан кейін, кофе шүмегінен, артынша ыстық су шүмегінен (ол салынған болса) ыстық су аға бастайды, ол құрылғының ішкі құбырларын шаяды: дисплейде «RINSING» (ШАЮ) және процеске параллель түрде толтырылатын үдемелі шкала көрсетіледі;
6. Функцияның жұмысын тоқтату үшін, кез келген түймеге басыңыз немесе автоматты түрде сөнгенін күтіңіз.



Ескеріңіз!

- Егер құрылғы 3-4 күннен артық қолданылмаса,бұйымды толтырғаннан кейін, қолданудың алдында 2/3 шаю керек болады;
- Осындай функцияны орындап болғаннан кейін, тартылған кофе ыдысына (A10) судың енуі қалыпты жағдайы болып табылады.

8.2 Қақ тазалау

Қақ тазалау туралы нұсқауларды мына "13. Қақ тазалау" бөлімнен көріңіз.

8.3 Сүзгіні орнату

Сүзгіні орнату әдісі туралы нұсқауларды "15. су жұмсартқыш сүзгі" бөлімінен көріңіз.

8.4 Сүзгіні ауыстыру (орнатылған болса)

Сүзгіні ауыстыру әдісі туралы нұсқауларды "15.2 Сүзгіні салу" бөлімінен көріңіз.

8.5 Уақытты реттеу

Дисплейдегі уақытты реттеу үшін, мына әрекетті орындаңыз:

1. Мәзірге кіру үшін MENU/ESC (B2) түймесін басыңыз;
2. < (B9) немесе > (B10) түймесін (6-сурет) «Adjust time» (Уақытты реттеу) хабары (B4) көрінгенше басыңыз;
3. OK (B3-7-сурет) түймесін басыңыз: уақыт жыпылықтайды;
4. Сағатты орнату үшін < немесе > түймесін басыңыз;
5. Таңдауды растау үшін OK түймесін басыңыз: минуттар жыпылықтайды;
6. Минуттарды орнату үшін < немесе > түймесін басыңыз;
7. Таңдауды растау үшін OK түймесін басыңыз. Мәзірден шығу үшін MENU/ESC түймесін басыңыз.

8.6 Авто бастау

Кофені қалаған уақытта дереу жасау мақсатында құрылғыны белгілі бір уақытта (мысалы, таңертең) дайын болатындай ету үшін авто бастау уақытын орната аласыз.



Ескеріңіз!

Осы функцияны іске қосу үшін, уақыт дұрыс орнатылған болуы керек.

Авто бастау функциясын іске қосу үшін, мына әрекеттерді орындаңыз:

1. Мәзірге кіру үшін MENU/ESC (B2) түймесін басыңыз;
2. < (B9) немесе > (B10) түймесін (6-сурет) «Auto-start» (Авто бастау) хабары (B4) көрінгенше басыңыз;
3. OK түймесін (B3 - 7-сурет) басыңыз: «Enable?» (Қосылсын ба?) сұрағы көрсетіледі;
4. Таңдауды растау үшін OK түймесін басыңыз;
5. Сағатты таңдау үшін < немесе > түймесін басыңыз;
6. Таңдауды растау үшін OK түймесін басыңыз;
7. Минуттарды орнату үшін < немесе > түймесін басыңыз;
8. Таңдауды растау үшін OK түймесін басыңыз;
9. Сосын мәзірден шығу үшін MENU/ESC түймесін басыңыз.

Уақыт расталған соң, авто бастау функциясының іске қосылғаны уақытпен бірге  белгісінің пайда болуымен көрсетіледі.

Бұл функцияны ажырату үшін:

1. Мәзірден авто бастау тармағын таңдаңыз;

2. OK түймесін басыңыз: «Disable?» (Ажыратылсын ба?) сұрағы көрсетіледі;
3. Таңдауды растау үшін OK түймесін басыңыз.  белгісі одан әрі көрсетілмейді.

Авто өшіру (күту режимі)

Авто өшіру режимін құрылғыны 15 не 30 минут немесе 1, 2 немесе 3 сағат бойы пайдаланылмаған соң өшіру үшін орнатуға болады.

Авто өшіру функциясын бағдарламалау үшін, мына әрекеттерді орындаңыз:

1. Мәзірге кіру үшін MENU/ESC (B2) түймесін басыңыз;
2. < (B9) немесе > (B10) түймесін (6-сурет) «Auto-off» (Авто өшіру) хабары көрінгенше (B4) басыңыз;
3. OK түймесін (B3 – 7-сурет) басыңыз;
4. < немесе > түймесін қажетті сөндіру уақыты көрінгенше (15 немесе 30 минуттан кейін не болмаса 1, 2 немесе 3 сағаттан кейін) басыңыз;
5. Таңдауды растау үшін OK түймесін басыңыз;
6. Сосын мәзірден шығу үшін MENU/ESC түймесін басыңыз.

Авто өшіру бағдарламаланды.

8.7 Қуат үнемдеу

Бұл функция кесе жылытқышты іске қосуға не ажыратуға мүмкіндік береді. Бұл функция кесе жылытқышты іске қосуға не ажыратуға мүмкіндік береді.

«Energy saving» (Қуат үнемдеу) режимін өшіру (немесе қосу) үшін төмендегі нұсқауларды орындаңыз:

1. Мәзірге кіру үшін MENU/ESC (B2) түймесін басыңыз;
2. < (B9) немесе > (B10) түймесін (6-сурет) «Auto-start» (Авто бастау) хабары (B4) көрінгенше басыңыз;
3. OK түймесін (B3 - 7-сурет) басыңыз: дисплейде «Disable?» (Ажыратылсын ба?) сұрағы көрсетіледі; (немесе функция өшірілген болса, «Enable?» (Қосылсын ба?) сұрағы көрсетіледі);
4. Қуат үнемдеу режимін өшіру (немесе қосу) үшін OK түймесін басыңыз;
5. Сосын мәзірден шығу үшін MENU/ESC түймесін басыңыз.

Егер функция өшірулі болса, дисплейде белгіленген әрекетсіздік уақытынан кейін «Energy saving» (Қуат үнемдеу) хабары көрсетіледі.



Ескеріңіз!

- Бұл функцияны қуат үнемдеу мүмкіндігін қосу немесе өшіру үшін пайдаланыңыз.
- Бұл функция іске қосылған кезде, Еуропалық ережелерге сай қуат тұтыну мөлшері азаяды.
- Егер сүт ыдысы (D) салынған болса, онда «Energy saving» (Қуат үнемдеу) функциясы қосылмайды.

8.8 Температураны орнату

Қуат үнемдеу мүмкіндігін ажырату (немесе іске қосу) үшін, мыналарды орындаңыз:

1. Мәзірге кіру үшін MENU/ESC (B2) түймесін басыңыз;
2. < (B9) немесе > (B10) түймесін (6-сурет) «Set temperature» (Температураны орнату) хабары көрінгенше (B4) басыңыз;
3. ОК түймесін (B3 – 7-сурет) басыңыз;
4. Қажетті температура дисплейде көрінбегенше < немесе > түймесін басыңыз (I = төмен; IIII = ең жоғары);
5. Таңдауды растау үшін ОК түймесін басыңыз;
6. Сосын мәзірден шығу үшін MENU/ESC түймесін басыңыз.

8.9 Судың қаттылығын анықтау

Су қаттылығын бағдарламалау бойынша нұсқаулар алу үшін "14. Су қаттылығын реттеу" тарауына жүгінуге ұсыныс беріледі.

8.10 Тілді орнату

Дисплейде (B4) тілді өзгерту керек болса, төмендегі нұсқауларды орындаңыз:

1. Мәзірге кіру үшін MENU/ESC (B2) түймесін басыңыз;
2. < (B9) немесе > (B10) түймесін (6-сурет) «Set language» (Тіл орнату) хабары көрінгенше басыңыз;
3. ОК түймесін (B3 – 7-сурет) басыңыз;
4. Дисплейде қажетті тіл көрсетілмейінше < немесе > түймесін баса беріңіз;
5. Таңдауды растау үшін ОК түймесін басыңыз;
6. Дисплейде орнатылған тілдің таңдалғанын растайтын хабар көрсетіледі;
7. Сосын мәзірден шығу үшін MENU/ESC түймесін басыңыз.

8.11 Дыбыс дабылы

Осы функцияның көмегімен, түймелерді әрбір рет басқан кезде, сондай-ақ керек-жарақтарды әрбір рет орнатқан/алған кезде машинада дыбыс дыбылының берілуі қосылады немесе өшіріледі. Дыбыл дабылын өшіру немесе қосу үшін, мына әрекетті орындаңыз:

1. Мәзірге кіру үшін MENU/ESC (B2) түймесін басыңыз;
2. < (B9) немесе > (B10) (6-сурет) түймесін «Beep» (Дыбыс дабылы) хабары (B4) көрінгенше басыңыз;
3. ОК түймесін (B3 – 7-сурет) басыңыз: дисплейде «Disable?» (Ажыратылсын ба?) сұрағы көрсетіледі; (немесе функция өшірілген болса, «Enable?» (Қосылсын ба?) сұрағы көрсетіледі);
4. Дыбыс дабылын өшіру немесе қосу үшін ОК түймесін басыңыз;
5. Сосын мәзірден шығу үшін MENU/ESC түймесін басыңыз.

8.12 Әдепкі мәндер (reset)

Осы функцияның көмегімен мәзірдің барлық мәндері және барлық бағдарламаланған баптаулары қалпына келтіріліп, әдепкі мәндерге қайтарады (орнатылған болып қала беретін тілден басқа).

Әдепкі мәндерді қалпына келтіру үшін, мына әрекетті орындаңыз:

1. Мәзірге кіру үшін MENU/ESC (B2) түймесін басыңыз;
2. < (B9) немесе > (B10) (6-сурет) түймесін «Default values» (Әдепкі мәндер) хабары (B4) көрінгенше басыңыз;
3. ОК түймесін (B3 – 7-сурет) басыңыз;
4. «Confirm?» (Расталсын ба?) хабары көрсетіледі;
5. Таңдауды растау үшін ОК түймесін басыңыз.

8.13 Статистика функциясы

Бұл құрылғыға қатысты статистиканы көрсетеді. Оны көрсету үшін мыналарды орындаңыз:

1. Мәзірге кіру үшін MENU/ESC (B2) түймесін басыңыз;
2. < (B9) немесе > (B10) (6-сурет) түймесін «Statistics» (Статистика) хабары (B4) көрінгенше басыңыз;
3. ОК түймесін (B3 – 7-сурет) басыңыз;
4. Тастау үшін < немесе > түймесін басыңыз;
- қанша кофе жасалды;

- барлық жасалған капучинолар мен сүт қосылған кофелер саны;
 - жалпы құйылған су мөлшері;
 - құрылғы қағы қанша рет тазаланды;
 - су жұмсартқыш сүзгінің қанша рет ауыстырылғаны.
5. Мәзірден шығу үшін MENU/ESC түймесін 2 рет басыңыз.

9. КОФЕ ЖАСАУ

9.1 Кофе дәмін таңдау

Құрылғы әдепкіде дәмі қалыпты кофе жасау параметріне орнатылады.

Сіз мына дәмдердің бірін таңдай аласыз:

Өте жұмсақ дәм

Жұмсақ дәм

Қалыпты дәм

Қою дәм

Өте қою дәм

Дәмді өзгерту үшін  түймесін (B6 - 10-сурет) қажетті дәм көрсетілгенше (B4) қайталап басыңыз.

9.2 Кеседегі кофе мөлшерін таңдау

Құрылғы әдепкіде қалыпты мөлшердегі кофені жасау параметріне орнатылады. Кофе мөлшерін таңдау үшін  түймесін (B5 - 11-сурет) қажетті кофе мөлшеріне қатысты хабар (B4) көрсетілгенше басыңыз:

Таңдалған кофе	Кеседегі мөлшер (мл)
МЕНИҢ КОФЕМ	Бағдарламаланады: 20 және 180 аралығында
ҚЫСҚА	40
ҚАЛЫПТЫ	60
ЛОНГ	90
ҚОСЫМША ЛОНГ КОФЕСІ	120

9.3 «Менің кофем» мөлшерін реттеу

Құрылғы әдепкі параметр бойынша 30 мл «MY COFFEE» (МЕНИҢ КОФЕМ) кофесін құю режиміне орнатылады. Осы мөлшерді өзгерту үшін, мына әрекеттерді орындаңыз:

1. Кофе шүмегінің (A7) астына бір кесе қойыңыз (12-сурет).
2.  түймесін (B5) (11-сурет) «MY COFFEE» (МЕНИҢ КОФЕМ) хабары көрсетілгенше басыңыз.
3.  (B11) түймесін (16-сурет) «1 MY COFFEE Program quantity» (1 МЕНИҢ КОФЕМ бағдарламасының мөлшері) хабары көрсетілгенше басып тұрыңыз, сол кезде машинадан кофе құйыла бастайды;
4. Кеседегі кофе қажетті деңгейге жеткен соң,  түймесін қайта басыңыз. Кеседегі орнатылған кофе мөлшері бағдарламаланды.

9.4 Кофе тартқышты реттеу

Кофе тартқыш әдепкі параметр бойынша кофені дұрыс дайындайтындай етіп орнатылады және оны реттеудің қажеті жоқ.

Дегенмен, алғашқы бірнеше кесе кофені жасағаннан кейін кофенің өте әлсіз және кілегейлі емес екендігі немесе оның өте жай құйылатыны байқалса (тамшылап тұрса), оны тартуды реттеу дөңгелегін (A5 - 13-сурет) реттеу арқылы түзетуге болады.

 Ескеріңіз!

Тартуды реттеу дөңгелегін тек кофе тартқыш жұмыс істеп тұрған кезде ғана бұрау керек.



Егер кофе өте баяу құйылса немесе мүлдем құйылмаса, дөңгелекті сағат тілі бағытымен «7» санына қарай бір рет «сырт» еткізіп бұраңыз.

Толық кілегейлі кофе жасау үшін, сағат тілі бағытына қарсы «1» санына қарай бір рет «сырт» еткізіп бұраңыз (бір бұрағанда бір реттен артық «сырт» еткізіп бұрамаңыз, әйтпесе кофе тамшылап құйылуы мүмкін).

Бұл реттеулердің нәтижесі тек 2 кесе кофе жасалғаннан кейін ғана байқалады. Егер бұл реттеу қажетті нәтижені бермесе, дөңгелекті тағы бір рет «сырт» еткізіңіз.

9.5 Ыстығырақ кофе алу туралы кеңестер

Кофе ыстық болуы үшін, мыналарды орындауыңыз керек:

- шаю циклін орындау, параметрлер мәзірінде «Rinsing» (Шаю) функциясын орындау ("8.1 Шаю" бөлімі);

- кеселерді ыстық сумен шаю арқылы жылытыңыз (ыстық су функциясын пайдалану);
- кофенің температурасын параметрлер мәзірінде көтеріңіз ("8.8 Температураны орнату" бөлімі).

9.6 Кофе дәндерінен кофе жасау



Маңызды!

Ешқашан карамельденген немесе қант қосылған кофе дәндерін пайдаланбаңыз, себебі олар кофе тартқышқа жабысып, оны пайдалануға жарамайтын етуі мүмкін.

1. Ыдысты кофе дәндерімен толтырыңыз (A3) (14-сурет);
2. Кофе шүмектерінің астына орналастырыңыз (A7):
 - 1 кесе кофе жасағыңыз келсе, 1 кесе қойыңыз (12-сурет);
 - 2 кесе кофе жасағыңыз келсе, 2 кесе қойыңыз (15-сурет);
3. Шүмекті кеселерге қарай мүмкіндігінше төмендетіңіз (15-сурет). Кілегейлі кофе осылай жасалады;
4. Қажетті кесе санына қатысты түймені басыңыз (B11-1 кесе  немесе  B12 -2 кесе);
5. Таңдалған кофе мөлшері кофе дайындау барысында бірте-бірте толатын прогресс жолағымен бірге (B4) көрсетіледі.



Ескеріңіз:

- Құрылғы кофе жасап жатқан кезде, құюды кез келген уақытта кез келген түймені басу арқылы тоқтатуға болады.
- Құйылып болған соң кеседегі кофе мөлшерін көбейту үшін, кофе түймелерінің бірін бассаңыз болғаны (3 секунд ішінде) ( немесе ) (16-сурет).

Кофе жасалған соң, құрылғы келесі сусынды жасауға дайын болады.



Ескеріңіз!

- Құрылғыны пайдалану барысында әр түрлі хабарлар көрсетілуі мүмкін ("FILL TANK" (ЫДЫСТЫ ТОЛТЫРЫҢЫЗ), "EMPTY GROUNDS CONTAINER" (ҰНТАҚ КОФЕ ЫДЫСЫН БОСАТЫҢЫЗ) ЖӘНЕ Т.Б.), олардың мағыналары "18. дисплейде көрсетілетін хабарлар" бөлімінде түсіндірілген.

- Кофені ыстық етіп жасау туралы ақпаратты "9.5 Ыстығырақ кофе алу туралы кеңестер" бөлімінен көріңіз..
- Егер кофе тамшылап құйылса, тым сұйық болса және жеткілікті деңгейде кілегейлі болмаса немесе тым салқын болса, "19. Ақаулықтарды жою" бөліміндегі кеңестерді оқыңыз.

9.7 Ұнтақ кофеден кофе жасау



Маңызды!

- Құрылғы өшірулі кезде ешқашан ұнтақ кофені салмаңыз, әйтпесе ол құрылғының қуыс-қуыстарына таралып, оны былғауы мүмкін. Бұл құрылғыны зақымдауы мүмкін.
- Ешқашан 1 деңгейлі мөлшерден (C2) артық пайдаланбаңыз, әйтпесе ол құрылғының ішін былғауы немесе құйғышты (A4) бітеп тастауы мүмкін.



Ескеріңіз!

Егер ұнтақ кофені пайдалансаңыз, сіз бір уақытта тек бір кофе жасай аласыз.

1.  түймесін (B6) (10-сурет) «Pre-ground» (Ұнтақ) хабары (B4) көрсетілгенше басыңыз.
2. Тартылған кофе воронкасының қақпағын ашыңыз (A2).
3. Құйғыштың (A4) бітеліп қалмағанына көз жеткізіп, бір деңгей мөлшеріндегі ұнтақ кофені салыңыз (17-сурет)..
4. Кофе шүмегінің (A7) астына бір кесе қойыңыз (12-сурет).
5. 1 кесе  (B11) (16-сурет) түймесін басыңыз.
6. Таңдалған кофе мөлшері кофе дайындау барысында бірте-бірте толатын прогресс жолағымен бірге көрсетіледі.



Ескеріңіз!

Егер «Қуат үнемдеу» режимі белсенді болса, бірінші кофе құйылмас бұрын бірнеше секунд күту керек болуы мүмкін.

9.8 Кофе дәндерінен ЛОНГ кофесін жасау
Құрылғыны "9.6 Кофе дәндерінен кофе жасау" тарауында көрсетілген процедураны орындау арқылы дайындап түймесін  (B8) (18-сурет) басыңыз.

9.9 Ұнтақ кофеден ЛОНГ кофесін жасау
"9.7 Ұнтақ кофеден кофе жасау" тарауының 1-2-3-4 қадамдарын орындап, түймесін  (B8) (18-сурет) БАСЫҢЫЗ.

ҚҰРЫЛҒЫ кофені құя бастайды және прогресс жолағы көрсетіледі, орта жолда құрылғы «ADD PRE-GROUND, Press OK» (Ұнтақ кофені салыңыз, ОК түймесін басыңыз) хабарлары көрсетіледі. Ұнтақ кофенің (C2) бір деңгейдегі мөлшерін салып, ОК (B3) (7-сурет) түймесін басыңыз.

Кофе құю жалғасады және прогресс жолағы дайындау процесі жүрген сайын бірте-бірте тола бастайды.

9.10 ЛОНГ кофесінің мөлшерін реттеу

Құрылғы әдепкі параметр бойынша 180 мл «ЛОНГ» кофесін құю режиміне орнатылады. Осы мөлшерді өзгерту үшін, мына әрекеттерді орындаңыз:

1. Кофе шүмектерінің астына жеткілікті үлкен кесені немесе шыныаяқты қойыңыз (A7) (12-сурет).

2.  түймесін (B8) (18-сурет) «Program quantity» (Бағдарлама мөлшері) хабары көрсетілгенше басып тұрыңыз.

3.  ТҮЙМЕСІН БОСАТЫҢЫЗ: машинадан кофе құйыла бастайды;

4. Кеседегі кофе қажетті деңгейге жеткен соң,  түймесін қайта басыңыз.

Кеседегі орнатылған кофе мөлшері бағдарламаланды.

 Ескеріңіз!

Егер бағдарламалау ұнтақ кофені қолдану үшін орындалған болса, машина тең толтырылған екінші ұнтақ кофе өлшеуішінің (C2) қосылуын талап ететін болады.

10. СҮТ ҚОСЫЛҒАН КОФЕ ТҮРЛЕРІН ЖАСАУ

 Ескеріңіз!

- Сүттің көпіршігі аз болуына немесе үлкен көбіктердің болуына жол бермес үшін, сүт ыдысының қақпағы (D2) мен ыстық су түтіктерінің қондырмаларын (A8), "10.5 Сүт ыдысын пайдаланған соң тазалау", "12.10 Сүт ыдысын тазалау" және "12.11 Ыстық су/бу түтігінің қондырмасын тазалау" бөлімдерінде сипатталғандай әдіспен тазалап отырыңыз.

10.1 Сүт ыдысын толтыру және бекіту

- Қақпақты (D2) ашыңыз (19-сурет);

- Сүт ыдысын (D3) жеткілікті сүт мөлшерімен сапта белгіленген MAX (20-сурет) деңгейіне дейін толтырыңыз. Ыдыстың бүйіріндегі әрбір белгі шамамен 100 мл сүтке негізделген;

 Ескеріңіз!

- Қоюлау көпіршікке қол жеткізу үшін тоңазытқыш температурасында (шамамен 5°C) сақталған шайқалған немесе жартылай шайқалған сүтті пайдалану керек.
 - Егер «Қуат үнемдеу» режимі іске қосылса, бірінші кофе құйылмас бұрын бірнеше секунд күту керек болуы мүмкін.
- Сүт сору түтігінің (D4) сүт ыдысы қақпағының төменгі жағына дұрыс енгізілгенін тексеріңіз (21-сурет);
 - Қақпақты ыдысқа қайта орналастырыңыз;
 - Ыстық су шүмегі (C6) шүмектегі түймені басу арқылы алыңыз (22-сур.);
 - Сүт ыдысын түтік қондырмасына (D) енгізіп, жеткен жеріне дейін итеріңіз (A8) (23-сурет). Құрылғы сигнал шығарады (сигнал функциясы іске қосылған болса);
 - Кофе (A7) және көпіршітілген сүт (D5) шүмектерінің астына жеткілікті көлемдегі үлкен кесені қойыңыз. Сүт шүмегінің ұзындығын реттеңіз, оны кесеге жақындату үшін төмен басыңыз (24-сурет).
 - Әрбір функцияға қатысты төмендегі нұсқауларды орындаңыз.

10.2 Көпіршік мөлшерін реттеу

Капучино және сүт негізіндегі кофе түрлерін дайындау барысында құйылатын сүттегі көпіршік мөлшерін реттеу үшін көпіршікті реттеу дөңгелегін (D1) бұраңыз.

Дөңгелек бағыты	Сипаттама	Келесі үшін ұсынылады...
	No froth (Көпіршік жоқ)	CAFFELATTE / MILK (СҮТ) (ыстық сүт)
	Min. froth (Аз мөлшердегі көпіршік)	L A T T E MACCHIATO / FLAT WHITE (Л А Т Т Е М А К И А Т О / ФЛЭТ УАЙТ)

	M a x . froth (Көп мөлшердегі көпіршік)	CAPPUCCINO / MILK (СҮТ) (көпіршітілген сүт)
---	--	--

10.3 Сүт негізіндегі кофелерді автоматты түрде жасау

Басқару тақтасында (B) автоматты түрде CAPPUCCINO (КАППУЧИНО) ДАЙЫНДАУҒА АРНАЛҒАН ТҮЙМЕ (B9) БАР. Осы сусынды дайындау үшін, мынаны ғана орындаңыз:

1. Сүт ыдысын (D) толтырыңыз және жоғарыда сипатталғандай етіп бекітіңіз.
2. Сүт ыдысының қақпағындағы (D2) көпіршікті реттеу дөңгелегін (D1) қажетті көпіршік мөлшеріне қатысты бағытқа бұраңыз.
3. CAPPUCCINO (КАППУЧИНО) түймесін басыңыз: кофенің аты кофе дайындау барысында бірте-бірте толатын прогресс жолағымен бірге (B4) көрсетіледі.
4. Бірнеше секундтан соң, көпіршітілген сүт төмендегі кесеге сүт шүмегі (D5) арқылы құйылады. Сүт құйылған соң құрылғы тиісті кофені автоматты түрде жасайды.

10.4 «MILK MENU» (СҮТ МӘЗІРІ) мәзірінің көмегімен ыстық сусындар жасау

Жоғарыда сипатталған сусындармен бірге, бұл құрылғы автоматты түрде CAFFELATTE, LATTE MACCHIATO, FLAT WHITE, MILK (КАФЕЛАТТЕ, ЛАТТЕ, МАККИАТО, ФЛЭТ УАЙТ және СҮТ) дайындайды (ыстық сүт).

Осы сусындардың біреуін жасау үшін, мына әрекеттерді орындаңыз:

1. Сүт ыдысын (D) толтырыңыз және жоғарыда сипатталғандай етіп бекітіңіз;
2. Сүт ыдысының қақпағындағы (D2) көпіршікті реттеу дөңгелегін (D1) қажетті көпіршік мөлшеріне қатысты бағытқа бұраңыз;
3. "MILK MENU" (СҮТ МӘЗІРІ) (B10) түймесін басыңыз;
4. < (B9) немесе > (B10) түймесін (6-сурет) қажетті сусын көрсетілгенше (B4) басыңыз CAFFELATTE, LATTE MACCHIATO, FLAT WHITE, MILK (КАФЕЛАТТЕ, ЛАТТЕ, МАККИАТО, ФЛЭТ УАЙТ немесе СҮТ);
5. Сусынды жасауды бастау үшін ОК түймесін (B3) (7-сурет) басыңыз;

6. Бірнеше секундтан соң, көпіршітілген сүт төмендегі кесеге сүт шүмегі (D5) арқылы құйылады. Кофе қосылатын сусындарды жасаған кезде, құрылғы сүтті құйған соң кофені автоматты түрде жасайды.

i Ескеріңіз: барлық сүт негізіндегі сусындарды дайындауға қатысты жалпы нұсқаулар

- Құю барысында дайындауды тоқтатқыңыз келсе, кез келген түймені бір рет басыңыз.
- Құйылған соң, кесеге сүттің немесе кофенің мөлшерін көбейту үшін, 3 секунд ішінде қалаған сүт негізіндегі сусынға қатысты түймелердің бірін басып тұрыңыз.
- Неғұрлым жылы болса (5 °C – ең оңтайлысы), шығарылған көпіршік сапасы соғұрлым нашар болады.

10.5 Сүт ыдысын пайдаланған соң тазалау

 Маңызды! Күйіп қалу қаупі бар

Сүт ыдысының ішкі түтіктерін тазалап жатқан кезде, көпіршікті сүт шүмегінен (D5) шамалы ыстық су мен бу шығады. Су шашырандыларынан абай болыңыз.

Сүт функциясын пайдаланған сайын дисплейде (B4) «SET DIAL TO CLEAN» (ТАЗАЛАУ ҮШІН ДӨҢГЕЛЕКТІ ОРНАТЫҢЫЗ) хабары жыпылықтайды. Барлық сүт қалдықтарын тазалау үшін, мыналарды орындаңыз:

1. Сүт ыдысын (D) құрылғыда қалдырыңыз (оны босатудың қажеті жоқ);
2. Көпіршітілген сүт шүмегінің астына кесені немесе басқа ыдысты қойыңыз (24-сурет).
3. Көпіршікті реттеу дөңгелегін (D1) «CLEAN» (ТАЗАЛАУ) бағытына бұраңыз (25-сурет): Прогресс жолағы пайда болады және әрекет орындалған сайын «Cleaning underway» (Тазалау орындалуда) хабарымен бірге бірте-бірте толады. Тазалау автоматты түрде тоқтайды.
4. Дөңгелекті көпіршік түрлерінің біріне қайта бұраңыз.
5. Сүт ыдысын алып, бу түтігінің қондырмасын (A8) әрқашан ысқышпен тазалаңыз (26-сурет)..

i Ескеріңіз!

- Бірнеше капучино немесе сүт негізіндегі кофені дайындау үшін, құрылғыны тек соңғы сусын дайындалған соң ғана тазалаңыз.
- Сүт ыдысын тоңазытқышта сақтауға болады.

- Кейбір жағдайларда құрылғының қызғанын күтуіңіз керек.

10.6 Кеседегі кофенің және сүттің мөлшерін КАППУЧИНО түймесімен бағдарламалаңыз

Құрылғы әдепкі параметр бойынша қалыпты мөлшерлерді құю режиміне автоматты түрде орнатылады. Осы мөлшерлерді өзгерту үшін, мына әрекеттерді орындаңыз:

1. Кофе шүмектерінің (A7) және сүт шүмегінің (D5) астына бір кесе қойыңыз;
2. Дисплейде сусын аты немесе «PROGRAM MILK» (СҮТТІ БАҒ ДАРЛАМА ЛАУ) хабары (B4) көрінгенше «CAPPUCCINO» (КАППУЧИНО) түймесін (B9) басып тұрыңыз;
3. Түймені жіберіңіз. Құрылғы сүт құюды бастайды;
4. Кесеге қалаған сүт мөлшері құйылған соң, осы түймені қайта басыңыз;
5. Құрылғы сүт құюды тоқтатады, сосын, сусынға қосылса, кесеге бірнеше секундтан кейін кофе құйылады. Ыстық сусынның аты және «PROGRAM COFFEE» (КОФЕНІ БАҒДАРЛАМАЛАУ) хабары көрсетіледі;
6. Кесеге қалаған кофе мөлшері құйылған соң, түймесін қайта басыңыз. Кофенің берілуі тоқтатылады.

Құрылғы енді жаңа сүт және кофе мөлшерлеріне қайта бағдарламаланған күйде болады.

10.7 Кеседегі кофенің немесе сүттің мөлшерін MILK MENU (СҮТ МӘЗІРІ) түймесіне бағдарламалау

Құрылғы әдепкі параметр бойынша қалыпты мөлшерлерді құю режиміне автоматты түрде орнатылады. Осы мөлшерлерді өзгерту үшін, мына әрекеттерді орындаңыз:

1. Кофе шүмектерінің (A7) және сүт шүмегінің (D5) астына бір кесе қойыңыз;
2. "MILK MENU" (СҮТ МӘЗІРІ) (B10) түймесін басыңыз;
3. < (B9) немесе > (B10) (6-сурет) түймесін дисплейде (B4) қажетті сусын көрсетілгенше басыңыз CAFFELATTE, LATTE MACCHIATO, FLAT WHITE, MILK (КАФЕЛАТТЕ, ЛАТТЕ МАККИАТО, ФЛЭТ УАЙТ, СҮТ);

4. ОК түймесін (B3 - 7-сурет) сусынның аты және «PROGRAM MILK» (СҮТТІ БАҒДАРЛАМАЛАУ) хабары көрсетілгенше басып тұрыңыз.
5. Түймені жіберіңіз. Құрылғы сүт құюды бастайды.
6. Кесеге қалаған сүт мөлшері құйылған соң, ОК түймесін қайта басыңыз.
7. Құрылғы сүт құюды тоқтатады, сосын, сусынға қосылса, кесеге бірнеше секундтан кейін кофе құйылады. Ыстық сусынның аты және «PROGRAM COFFEE» (КОФЕНІ БАҒДАРЛАМАЛАУ) хабары көрсетіледі;
8. Кесеге қалаған кофе мөлшері құйылған соң, ОК түймесін қайта басыңыз. Кофенің берілуі тоқтатылады.

Құрылғы енді жаңа сүт және кофе мөлшерлеріне қайта бағдарламаланған күйде болады.

11. ЫСТЫҚ СУ ҚҰЮ



Маңызды! Күйіп қалу қаупі бар

Ыстық су құю барысында құрылғыны қараусыз қалдырмаңыз.

1. Ыстық су шүмегінің (C6) дұрыс бекітілгеніне көз жеткізіңіз (8-сурет);
2. Шүмек астына ыдыс қойыңыз (шашыраудың алдын алу үшін барынша жақын қойыңыз);
3.  (B7) түймесін басыңыз. «HOT WATER» (ЫСТЫҚ СУ) хабары кофе дайындау барысында бірте-бірте толатын прогресс жолағымен бірге (B4) көрсетіледі;
4. Құрылғы 250 мл ыстық су құйып, автоматты түрде тоқтайды. Құйылып жатқан ыстық суды қолмен тоқтату үшін,  түймесін қайта басыңыз.



Ескеріңіз!

Егер «Energy saving» (Қуат үнемдеу) режимі іске қосылса, ыстық су құйылмас бұрын бірнеше минут күтуіңіз мүмкін.

11.1 Құйылып жатқан ыстық суды қолмен тоқтату үшін, түймесін қайта басыңыз

Құрылғы әдепкі параметр бойынша автоматты түрде 250 мл ыстық су құйылатындай етіп реттелген. Осы мөлшерлерді өзгерту үшін, мына әрекеттерді орындаңыз:

1. Ыдысты шүмек (C6) астына қойыңыз;

2.  түймесін (B7) «HOT WATER Program quantity» (Бағдарламаланатын ыстық су мөлшері) хабары (B4) көрінгенше басып тұрып,  түймесін басыңыз;
 3. Кеседегі ыстық су қажетті деңгейге жеткен соң,  түймесін қайта басыңыз;
- Құрылғы сол кезде жаңа мөлшермен бағдарламаланады.

12. ТАЗАЛАУ

12.1 Шығаратын машинаны тазалау

Машинаның келесі бөлшектерін мерзім сайын тазалау қажет:

- машинаның ішкі сұлбасы;
- Ұнтақ кофе ыдысы (A10);
- Тамшы науасы (A12) және конденсат науасы (A9);
- су ыдысы (A16);
- кофе шүмегінің ұштары (A7);
- Ұнтақ кофе құйғышы (A4);
- Демдеу торы (A15), техникалық қызмет көрсетуге арналған есікті (A14) ашқаннан кейін демдеу торыға қол жеткізуге болады;
- сүт ыдысы (D);
- ыстық су/бу қондырмасы (A8);
- басқару тақтасы (B).



Маңызды!

- Аппаратты тазалау үшін еріткіштер, абразивті жуғыш заттар немесе алкоголь пайдалабаңыз. De'Longhi суперавтоматты кофе құрылғыларын тазалау үшін тек осы құрылғыларға арналған химикаттарды ғана пайдалануыңыз керек.
- Сүт ыдысынан (D) басқа құрылғының кез келген құрамдас бөлшегін ыдыс аяқ жуғышта жууға болмайды.
- Металлды немесе пластмассалы беттерді сырып алмау үшін, кофенің қабаттарын немесе шөгінділерін жою үшін металл заттарды пайдаланбаңыз.

12.2 Машинаның ішкі сұлбасын тазалау

Егер машина 3/4 күн бойы қолданылмаған болса, оны қолданудың алдында, оны қосып, келесі әрекеттерді орындау керек:

- 2/3 шаю циклін орындау, параметрлер мәзірінде «Rinsing» (Шаю) функциясын орындау ("8.1 Шаю" параграфы);
-  түймесін (B7) басу арқылы, бірнеше секунд бойы ыстық су беру.



Ескеріңіз!

Осындай тазартуды орындап болғаннан кейін, тартылған кофе ыдысына (A10) судың енуі қалыпты жағдайы болып табылады.

12.3 Ұнтақ кофе ыдысын тазалау

«EMPTY GROUNDS CONTAINER» (Ұнтақ кофе ыдысын босатыңыз) хабары (B4) көрсетілген кезде, ұнтақ кофе ыдысын босату және тазалау керек. Ұнтақ кофе (A10) ыдысы тазаланғанға дейін құрылғы кофе жасамайды. Толық болмаса да, бірінші кофе дайындалғаннан кейін 72 сағат ішінде ұнтақ кофе ыдысын босату туралы хабар көрсетіледі. 72 сағатты дұрыс есептеу үшін, құрылғыны қуат қосқышымен ешқашан өшірмеу керек.



Маңызды! Күйіп қалу қаупі бар

Егер бірнеше капучиноны бірінен соң бірін жасасаңыз, металдан жасалған кесе науасы (A11) қызады. Оны ұстамас бұрын суығанын күтіп, тек алдынан ғана ұстаңыз.

Тазалау үшін (тек құрылғымен):

- Тамшы науасын шығарыңыз (A12)(27-сурет), босатыңыз және тазалаңыз.
- Ұнтақ кофе ыдысын (A10) босатып, түбінде қалған барлық қалдықтарды кетіру үшін мұқият тазалаңыз. Оны берілген щеткадағы (C5) қырғышпен орындауға болады.
- Су жиналу науасын (A9) тексеріңіз және қажет болса босатыңыз (28-сурет).



Маңызды!

Маңызды: тамшы науасын алып жатқан кезде ұнтақ кофе ыдысын тіпті онда шамалы кофе қалса да босату керек. Егер босатылмаса, келесі кофелерді жасаған кезде, ұнтақ кофе ыдысы шамадан тыс толып кетіп, құрылғы арналарын бітеуі мүмкін.

12.4 Тамшы науасын және су жиналу науасын тазалау



Маңызды!

Тамшы науасы (A12) ондағы су деңгейін көрсететін деңгей көрсеткішімен (A13) (қызыл) белгіленген (29-сурет). Тамшы науасын көрсеткіш кесе науасынан (A11) шығып тұрғанға дейін босату керек, әйтпесе тамшы науасын индикатор кесе науасынан шығып тұрғанға дейін босату керек, әйтпесе.

Тамшы науасын алу үшін:

1. Тамшы науасы мен ұнтақ кофе ыдысын (A10) шығарыңыз (27-сурет);
2. Тамшы науасы мен ұнтақ кофе ыдысын босатып, шайыңыз;
3. Тамшы науасы мен ұнтақ кофе ыдысын (A9) босатыңыз және жуыңыз;
4. Болған соң тамшы науасы мен ұнтақ кофе ыдысын орындарына салыңыз.

12.5 Кофе құрылғысын ішін тазалау



Электр тогына түсу қаупі бар!

Ішкі бөліктерді тазаламас бұрын, құрылғыны өшіру ("7. Құрылғыны өшіру" бөлімін көріңіз) және розеткадан ажырату керек. Кофе құрылғысын ешқашан суға батырмаңыз.

1. Құрылғының іші (тамшы науасын алған соң қол жетімді болады) кірлемегенін тұрақты түрде (шамамен аптасына бір рет- A12) тексеріп отырыңыз. Қажет болса, кофе қалдықтарын берілген щеткамен (C5) және губкамен тазалаңыз.
2. Қалдықтарды шаңсорғышпен тазалаңыз (30-сурет).

12.6 Су ыдысын тазалау

1. Су ыдысын (A16) тұрақты түрде (шамамен айына бір рет және су жұмсартқыш сүзгіні (C4) (егер бар болса) орнына салған сайын) дымқыл шүберекпен және шамалы жұмсақ ыдыс жуғыш сұйық затпен тазалап отырыңыз;
2. Сүзгіні алыңыз (егер бар болса) және ағынды сумен шайыңыз;
3. Сүзгіні орнына салыңыз (егер болса), ыдысты таза сумен толтырып, орнына салыңыз;
4. (Су жұмсартқыш сүзгісі бар үлгілер үшін ғана) Сүзгіні белсендіру үшін 100мл ыстық су құйыңыз.

12.7 Кофе шүмектерін тазалау

1. Кофе шүмектерін (A7) ысқышпен немесе шүберекпен тұрақты түрде тазалап отырыңыз (31-сурет);
2. Кофе шүмегіндегі тесіктердің бітеліп қалмағанын тексеріңіз. Қажет болса, кофе қалдықтарын тіс тазартқышпен кетіріңіз (31-сурет).

12.8 Ұнтақ кофе воронкасын тазалау

Тартылған кофе воронкасының (A4) бітелмегенін тұрақты түрде (айына бір рет) тексеріп тұрыңыз. Қажет болса, кофе қалдықтарын берілген щеткамен (C5) тазалаңыз.

12.9 Демдеу торын тазалау


Демдеу торын (A15) кемінде айына бір рет тазалап отыру керек.



Маңызды!

Құрылғы іске қосылуы болған кезде демдеу торын алу мүмкін емес.

1. Құрылғының дұрыс өшірілгеніне көз жеткізіңіз ("7. Құрылғыны өшіру" бөлімін көріңіз);
2. Су ыдысын шығарыңыз (A16) (3-сурет);
3. Құрылғының оң жағындағы демдеу торы орнының қақпағын (A14) (32-сурет) ашыңыз;



4. Екі босату түймесін ішке қарай басып тұрып, демдеу торын сыртқа қарай тартып шығарыңыз (33-сурет);
5. Демдеу торын суға шамамен 5 минут батырып қойып, ағынды су астында шайыңыз;




Маңызды!

ТЕК СУМЕН ШАЙЫҢЫЗ

ЫДЫС ЖУҒЫШ СҰЙЫҚ ЗАТТЫ ЖӘНЕ ЫДЫС ЖУҒЫШ ҚҰРЫЛҒЫНЫ ПАЙДАЛАНБАҢЫЗ

Демдеу торын ыдыс жуғыш сұйық затсыз тазалаңыз, себебі ол зақымдануы мүмкін.


6. Демдеу торының корпусында (демдеу торы орнының қақпағы арқылы көрінеді) қалған кез келген кофе қалдығын кетіру үшін арнайы щетканы (C5) пайдаланыңыз;
7. Тазалаған соң, демдеу торын ішкі тірекке (34-сурет) қарай сырғыту арқылы орнына салып, «сырт» етіп орнына түскенше PUSH (ITERU) белгісін толық енгенше ішке қарай басыңыз;






Ескеріңіз!

Егер демдеу торын енгізу қиын болса, енгізбес бұрын оны 35-суретте көрсетілген екі ілгекті басу арқылы тиісті өлшемге бейімдеңіз.



8. Салынған соң, екі түйменің шыққанына көз жеткізіңіз (36-сурет);




9. Демдеу торы орнының қақпағын жабыңыз;
10. Су ыдысын орнына салыңыз.

12.10 Сүт ыдысын тазалау


Сүт ыдысын (D) төменде сипатталғандай етіп екі күн сайын тазалаңыз:

1. Қақпақты ашыңыз.(D2);
2. Сүт шүмегі (D5) мен ішке тарту түтігін (D4) (37-сурет) алыңыз;
3. Көпіршікті реттеу дөңгелегін (D1) сағат тілі бағытымен «INSERT» (ЕНГІЗУ) бағытына қарай бұрап (37-сурет), жоғары қарай тартып шығарыңыз;



4. Барлық құрамдас бөлшектерді ыстық сумен және жұмсақ жуғыш сұйықтықпен жуыңыз. Барлық құрамдас бөлшектерін ыдыс жуғышта жууға болады, ол үшін оларды ыдыс жуғыштың ең жоғарғы текшесіне қою керек.

Дөңгелектің астындағы бос орында және ойықта сүт қалдықтары қалмасын (38-сурет). Қажет болса, ойықты тіс тазартқыш таяқшамен қырғылаңыз;



5. Көпіршікті реттеу дөңгелегі орнының ішкі жағын ағынды сумен шайыңыз (39-сурет);
6. Ішке тарту түтігі мен шүмектің сүт қалдықтарымен бітеліп қалмағанын тексеріңіз;
7. Дөңгелекті, шүмекті және сүт сору түтігін орнына салыңыз «INSERT» (ЕНГІЗУ) сөзіне сай;
8. Қақпақты ыдысқа қайта орналастырыңыз (D3).

12.11 Ыстық су/бу түтігінің қондырмасын тазалау

Сүт дайындаған сайын түтік қондырмасын (A8) ысқышпен шайбалардағы сүт қалдықтарын кетіру үшін тазалап отырыңыз (26-сурет).

13. ҚАҚ ТАЗАЛАУ


Дисплейде (B4) «DESCALE» (ҚАҚ ТАЗАЛАУ) хабары жыпылықтаған сайын құрылғының қағын тазалап отырыңыз.




Маңызды!

- Қолданудың алдында, қақ тазартқыш құралдың қаптамасындағы нұсқаулар мен заттаңбаны мұқият оқып шығыңыз.
- Тек De'Longhi қақ тазалағышын ғана пайдалануыңыз керек. Басқа қақ тазалағышты пайдалану және/немесе қақ тазалауды дұрыс орындамау өнім жасаушысының кепілдігінде қаралмаған ақаулықтарға себеп болуы мүмкін.

1. Машинаны қосыңыз және оның қолдануға дайын болғанын күтіңіз;
2. Мәзірге кіру үшін MENU/ESC (B2) түймесін басыңыз;
3. < (B9) немесе > (B10) (түймесін (6-сурет) «Auto-start» (Авто бастау) хабары (B4) көрінгенше басыңыз;
4. ОК түймесін (B3) (7-сурет) басу арқылы таңдау жасаңыз: дисплейде «Descaler Confirm?» (Қақ тазартуды растау керек пе?) хабары көрінеді;
5. Таңдауды растау үшін ОК түймесін қайтадан басыңыз: «EMPTY DRIP TRAY» (ТАМШЫ НАУАСЫН БОСАТЫҢЫЗ) хабары «REMOVE FILTER» (СҮЗГІНІ АЛЫҢЫЗ) хабарымен (егер сүзгі болса) және «Add descaler, Press OK» (Қақ тазалағыш қосыңыз, ОК түймесін басыңыз) хабарымен бірге кезек-кезек көрсетіледі;
6. Су ыдысын (A16) толық босатып, су жұмсартқыш сүзгі (C4) болса, оны алыңыз; тамшы науасын (A12 - 27-сурет) және ұнтақ кофе ыдысын (A10) босатып, құрылғыға қайта салыңыз;



7. Қақ тазалағышты (C3) ыдыстың артында белгіленген (40-сурет) A деңгейіне дейін құйып (100 мл орамына қатысты), B деңгейіне (40-сурет) дейін бір литр су құйыңыз да, су ыдысын машинаға салыңыз;



8. Ыстық су шүмегінің а с т ы н а с ы й ы м д ы л ы ғы кемінде 2 литр болатын бос ыдысты (C6) (41-сурет) қойыңыз;



Маңызды! Күйіп қалу қаупі бар Ыстық су шүмегінен

құрамында қышқылы бар ыстық су ағады. Осы ерітіндімен тікелей жанасудан қорғаныңыз.

9. Қақ тазартқыш ерітіндіні қосқаныңызды растау үшін ОК түймесін басыңыз: дисплейде «Descaler

underway» (Қақ тазалау орындалуда) хабары көрсетіледі де, қақ тазарту бағдарламасы қосылады. Қақ тазартқыш сұйықтық ыстық су шүмегінен шығып, құрылғының ішіндегі қақты тазалау үшін бірнеше шаю және кідіру әрекеттерін орындайды;

Шамамен 25 минуттан соң, бұйым қақ кетіріп болғаннан кейін, дисплейде «RINSING» (ШАЮ) хабары «FILL TANK» (ЫДЫСТЫ ТОЛТЫРЫҢЫЗ) хабарымен бірге кезек-кезек көрсетіледі;

10. Одан кейін құрылғы таза сумен шаюға дайын болады. Қақ тазартқыш ерітіндіні жинау үшін қолданылатын ыдысты босатыңыз, су ыдысын шығарыңыз, босатыңыз, ағынды су астында шайыңыз, таза сумен MAX деңгейіне дейін толтырыңыз және су ыдысын құрылғыға қайта салыңыз. «RINSING, Press OK» (ШАЮ, ОК түймесін басыңыз) хабары көрсетіледі;

11. Қақ тазалағыш ерітіндіні жинау үшін пайдаланылған ыдысты қайтадан ыстық су шүмегінің (41-сурет) астына қойыңыз;

12. Шаюды бастау үшін ОК түймесін басыңыз: ыстық су шүмегінен ыстық су ағады және «RINSING, Please wait» (ШАЮ, күте тұрыңыз) хабары көрінеді;

13. Су ыдысы толығымен босаған кезде, «RINSING» (ШАЮ), сонымен қатар «FILL TANK» (ЫДЫСТЫ ТОЛТЫРЫҢЫЗ) және «INSERT FILTER» (СҮЗГІНІ САЛЫҢЫЗ) хабарлары көрсетілетін болады, егер ол алып шығарылған болса: шаю кезінде суды жинау үшін қолданылған ыдысты босатыңыз;

14. Су ыдысын шығарыңыз, су жұмсартқыш сүзгі алып шығарылған болса, оны орнына салыңыз, ыдысты MAX деңгейіне дейін таза сумен толтырыңыз да, оны машинаға салыңыз: «RINSING, Press OK» (ШАЮ, ОК түймесін басыңыз) хабары көрсетіледі;

15. Ыстық су шүмегі мен кофе шүмегінің (A7) астына шаюға арналған суды жинау үшін қолданылған бос ыдысы (41-сурет) қойыңыз;

16. Шаюды қайта қосу үшін ОК түймесін басыңыз: бұйым капучинатордан бастап кофе шүмегіне дейін шаюды жалғастырады, ал дисплейде «RINSING Please wait» (ШАЮ, күте тұрыңыз) хабары көрсетіледі;

17. Шаюды аяқтағаннан кейін, «Rinsing complete, Press OK» (Шаю аяқталды, ОК түймесін басыңыз) хабары көрсетіледі;

18. ОК түймесін басыңыз: дисплейде «FILL TANK» (ЫДЫСТЫ ТОЛТЫРЫҢЫЗ) сұрағы көрсетіледі;
19. Тамшы науасын босатыңыз, су ыдысын алып шығарыңыз және MAX деңгейіне дейін сумен толтырыңыз, содан кейін оны машинаға салыңыз.

Қақ тазарту жұмысы аяқталды.

i Ескеріңіз!


- Егер қақ тазарту жұмысы тиісінше аяқталмаған болса (мысалы, электр қуаты берілісінде ақау болса), тазарту жұмысын қайталауға ұсыныс беріледі;
- Қақ тазарту циклын орындап болғаннан кейін, тартылған кофе ыдысына (A10) судың енуі қалыпты жағдайы болып табылады.

14. СУ ҚАТТЫЛЫҒЫН РЕТТЕУ

Бір кезеңдік уақыт өткен соң су қаттылығына сай «DESCALE» (ҚАҚ АЗАЛАҢЫЗ) хабары көрсетіледі. Құрылғы әдепкі параметр бойынша су қаттылығының 4-мәніне орнатылады. Сонымен қатар, бұл құрылғыны әр түрлі аймақтардағы құбыр суының қаттылығына сай бағдарламалау арқылы құрылғыны сирегірек тазалау қажет болатындай етіп орнатуға болады.

14.1 Су қаттылығын өлшеу

1. «TOTAL HARDNESS TEST» (C1) индикаторын орамынан шығарыңыз (ағылшын тіліндегі нұсқауларға тіркелген).
2. Қағазды стакандағы суға бір секундқа толығымен батырып алыңыз.
3. Қағазды судан шығарып, жайлап сілкіңіз. Шамамен бір минуттан соң 1, 2, 3 немесе 4 қызыл шаршы судың қаттылығының деңгейіне қарай көрінеді.



14.2 Әрбір шаршы бір деңгей болып есептеледі

1. Мәзірге кіру үшін MENU/ESC (B2) түймесін басыңыз;


2. «Water hardness» (Су қаттылығы) тармағын таңдау үшін < (B9) немесе > (B10) түймесін (6-сурет) басыңыз;
3. Таңдауды растау үшін ОК түймесін (B3) (7-сурет) басыңыз;
4. < немесе > түймелерін басыңыз және көрсеткіш жолағымен (C1) өлшенген су қаттылығының деңгейін орнатыңыз (осыған дейінгі тараудағы суретті көріңіз).
5. Параметрді растау үшін ОК түймесін басыңыз.
6. Мәзірден шығу үшін MENU/ESC түймесін басыңыз.

Құрылғы сол кезде жаңа су қаттылығының параметрімен бағдарламаланады.

15. СУ ЖҰМСАРТҚЫШ СҮЗГІ

Кейбір үлгілерге су жұмсартқыш сүзгі бекітіледі (C4). Егер сіздегі үлгіде ондай болмаса, De'Longhi тұтынушыны қолдау қызметтерінен сатып алуды ұсынамыз. Сүзгіні дұрыс пайдалану үшін, төмендегі нұсқаларды орындаңыз.

15.1 Сүзгіні орнату




1. Сүзгіні (C4) орамынан шығарыңыз.
2. Күн көрсеткішінің дискісін (42-сурет) қолданудың келесі 2 айы көрінгенше бұраңыз.

i Ескеріңіз!


машина дұрыс пайдаланылса, бұл сүзгі екі айға жарамды болады.

Егер сүзгі орнатылып, машина пайдаланылмай қалса, сүзгінің ең көп пайдалану мерзімі 3 аптаға дейін азаяды.

3. Сүзгіні іске қосу үшін, суретте көрсетілгендей етіп сүзгі ішіндегі тесік арқылы су ағызыңыз, су бүйірдегі тесіктерден бір минуттан астам ағуы керек (43-сурет).



4. Ыдысты (A16) құрылғыдан шығарып, сумен толтырыңыз.
5. Сүзгіні су ыдысына салып, шамамен он минуттай толық батырыңыз да, ауа көпіршіктерін шығарып жіберу үшін абайлап қисайтыңыз және басыңыз (44-сурет).
6. Сүзгіні корпусына салыңыз (A17-45A сур.) және орнына жеткенше басыңыз.
7. Ыдыстың қақпағын (A18-45B сур.) жауып, ыдысты құрылғыдағы орнына салыңыз.



Сүзгіні орнатқан кезде, оның бар екенін құрылғыға ескеруіңіз керек.

8. Мәзірге кіру үшін MENU/ESC (B2) түймесін басыңыз;
9. < (B9) немесе > (B10) түймесін (6-сурет) «Install filter» (Сүзгіні орнату) хабары (B4) көрінгенше басыңыз;
10. ОК түймесін (B3) (7-сурет) басыңыз;
11. «Enable?» (Қосылсын ба?) сұрағы көрсетіледі;
12. Таңдауды растау үшін ОК түймесін басыңыз. «HOT WATER Press OK» (Ыстық су, ОК түймесін басыңыз) хабары көрсетіледі;
13. Ыстық су шүмегінің (C6) астына ең аз сыйымдылығы 500 мл болатын ыдысты қойыңыз;
14. Таңдауды растау үшін ОК түймесін басыңыз. Құрылғы ыстық су құюды бастайды және «Please wait» (Күте тұрыңыз) хабары көрінеді;

15. Құю аяқталған соң, құрылғы «Coffee ready» (Кофе дайындығы) режиміне автоматты түрде оралады.

Сол кезде жаңа сүзгі іске қосылады.

15.2 Сүзгіні салу

«REPLACE FILTER» (СҮЗГІНІ АУЫСТЫРЫҢЫЗ) хабары (B4) көрсетілген кезде, екі айдан соң (күн көрсеткішін көріңіз) немесе құрылғы 3 апта бойы пайдаланылмаса, сүзгіні ауыстырыңыз:

1. Ыдысты (A16) және бітеліп қалған сүзгіні (C4) шығарыңыз;
2. Жаңа сүзгіні орамынан шығарыңыз және алдыңғы бөлімнің 2-3-4-5-6-7 тарауларында көрсетілгендей жалғастырыңыз;
3. Ыстық су шүмегінің (C6) астына ең аз сыйымдылығы 500 мл болатын ыдысты қойыңыз;
4. Мәзірге кіру үшін MENU/ESC (B2) түймесін басыңыз;
5. < (B9) немесе > (B10) түймесін (6-сурет) «Replace filter» (Сүзгіні ауыстырыңыз) хабары көрінгенше басыңыз;
6. ОК түймесін (B3 – 7-сурет) басыңыз;
7. «Confirm?» (Расталсын ба?) хабары көрсетіледі;
8. Таңдауды растау үшін ОК түймесін басыңыз;
9. «HOT WATER Press OK» (Ыстық су, ОК түймесін басыңыз) хабары көрсетіледі;
10. Таңдауды растау үшін ОК түймесін басыңыз. Құрылғы ыстық су құюды бастайды және «Please wait» (Күте тұрыңыз) хабары көрінеді;
11. Құю аяқталған соң, құрылғы «Coffee ready» (Кофе дайындығы) режиміне автоматты түрде оралады.

Содан кейін жаңа сүзгі белсенді болады және кофе құрылғысын пайдалана аласыз.

15.3 Сүзгіні шығару

Егер құрылғыны сүзгісіз (C4) пайдаланғыңыз келсе, оны алып, құрылғыға оның алынғаны туралы ескертуіңіз керек. Мына әрекетті орындаңыз:

1. Ыдысты (A16) алып шығарыңыз, сүзгіні шығарыңыз және ыдыста қайтадан машинаға салыңыз;
2. Мәзірге кіру үшін MENU/ESC (B2) түймесін басыңыз;
3. < (B9) немесе > (B10) түймесін (6-сурет) «Install filter, Enabled» (Сүзгіні орнату, Іске қосылған) хабары (B4) көрінгенше басыңыз;

4. ОК түймесін (B3 – 7-сурет) басыңыз;
5. «Disable?» Ажыратылсын ба? сұрағы көрсетіледі;
6. Таңдауды растау үшін ОК түймесін және мәзірден шығу үшін MENU/ESC түймесін басыңыз.

басып шығару күні, 1992 жылдан бастап автоматты түрде есептеледі. Мысалы: Сер.№ 30411xxx, өнім жасалған жыл – 2003, өнім жасалған апта – 4)

EAC

16. ТЕХНИКАЛЫҚ ДЕРЕК

Кернеу:	220-240 В~ 50/60 Гц ең көбі 10 А
Қуаты:	1450 Вт
Қысым:	1,5 МПа (15 бар)
Су ыдысының сыйымдылығы:	2 Л
Өлшемдері, ҰхТхБ:	260х470х365 мм
Кабель ұзындығы:	1750 мм
Салмағы:	10,9 кг
Кофе дәндері ыдысының сыйымдылығы:	400 г

17. ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

Өнім түрі	өнімдегі жапсырмаға қараңыз
Үлгі	"
Кернеу	"
Жиілік	"
Тұтынылатын қуат	"

Италияда жасалған
De'Longhi Appliances s.r.l.
via L.Seitz, 47 31100 Treviso Italy
Де'Лонги Апплайансиз с.р.л.
Виа Л. Зейц, 47 31100 Тревизо Италия

Ресейге, Белоруссияға және Қазақстанға импорттаушы:
«Делонги» ЖШҚ, Ресей, 127055, Мәскеу қаласы,
Сущёвская көшесі, 27/3-үй (27-үй, 3-құрылым)
Тел.: +7 (495) 781-26-76

Бұл құрылғы пайдалану нұсқаулығында көрсетілгендей жолмен пайдаланылады. Өнімнің мерзімі сатып алынған күннен бастап 5 жылға созылады.

Сақтау шарттары:

Ылғалдылық ауқымы < 80% және температура ауқымы + 5°C және + 45°C аралығындағы бөлмелер.

Өнім шығарылған күн өнім жапсырмасының бетінде немесе оның қасында көрсетілуі мүмкін (Сериялық нөмірі: ASSCC, бұл жерде А – өнім жасалған жылдың соңғы саны, SS – өнім жасалған апта, CC –

18. ДИСПЛЕЙДЕ КӨРСЕТИЛЕТІН ХАБАРЛАР

КӨРСЕТИЛЕТІН ХАБАР	ЫҚТИМАЛ СЕБЕБІ	ШЕШІМІ
FILL TANK (ЫДЫСТЫ ТОЛТЫРЫҢЫЗ)	Ыдыстағы (A16) су жеткіліксіз.	Су ыдысын толтырыңыз және/немесе «сырт» етіп орнына киілгенше итеру арқылы дұрыстап салыңыз.
EMPTY GROUNDS CONTAINER (ҰНТАҚ КОФЕ ЫДЫСЫН БОСАТЫҢЫЗ)	Ұнтақ кофе ыдысы (A10) толып кеткен.	Ұнтақ кофе ыдысы мен тамшы науасын (A12) босатыңыз, тазалаңыз да орындарына салыңыз. Маңызды: тамшы науасын алып жатқан кезде ұнтақ кофе ыдысын тіпті онда шамалы кофе қалса да босату керек. Егер босатылмаса, келесі кофелерді жасаған кезде, ұнтақ кофе ыдысы шамадан тыс толып кетіп, құрылғы арналарын бітеуі мүмкін.
GROUND TOO FINE ADJUST MILL (ҰНТАҚ КОФЕ ТЫМ ҰСАҚ, КОФЕ ТАРТҚЫШТЫ РЕТТЕҢІЗ)	Тартылған кофе тым майда және кофе өте жай құйылуда немесе мүлдем құйылмауда.	Кофені тағы да құйып көріңіз және кофе тартқыш жұмыс істеп тұрған кезде тартуды реттеу дөңгелегін (A5) сағат тілі бағытымен «7» санына қарай бұраңыз (13-сурет). Егер 2 кесе кофе құйылғаннан кейін әлі де жай құйылса, тартуды реттеу дөңгелегін құйылу дұрысталғанша тағы бір рет «сырт» еткізіп бұрау арқылы дұрыстау процедурасын қайталаңыз (бөл. "9.4 Кофе тартқышты реттеу"). Егер ақаулық кетірілмесе, су ыдысының (A16) тірекке дейін қойылғанына көз жеткізіз.
	Су жұмсартқыш сүзгі (C4) болса, бұл, берілісті бұғаттайтын, шанақтың ішіндегі ауа көпіршігі болуы мүмкін.	Ыстық су шүмегін (C6) машинаға салыңыз және ағын күйге келгенше, аздап су беріңіз.
INSERT GROUNDS CONTAINER (ҰНТАҚ КОФЕ ЫДЫСЫН ЕНГІЗІҢІЗ)	Тазалаған ұнтақ кофе ыдысы (A10) орнына салынбаған.	Тамшы науасын (A12) шығарып, ұнтақ кофе ыдысын орнына салыңыз.
ADD PRE-GROUND COFFEE (ҰНТАҚ КОФЕ ҚОСЫҢЫЗ)	Таңдалған «ұнтақ кофе» функциясымен алдын ала ұнтақталған кофе воронкаға (A4) құйылмаған.	Воронкаға алдын ала ұнтақталған кофені салыңыз немесе pre-ground (ұнтақ кофе) функциясының (17-сурет) таңдауын алыңыз.

DESCALE (ҚАҚ ТАЗАЛАҢЫЗ)	Құрылғы қағын тазалау керек.	"13. Қақ тазалау" бөліміндегі қақ тазалау процедурасын неғұрлым тезірек орындау керек.
REDUCE COFFEE AMOUNT (КОФЕНІҢ МӨЛШЕРІН АЗАЙТЫҢЫЗ)	Өте көп мөлшердегі кофе пайдаланылған.	 түймесін (B6) басы (10-сурет) арқылы жұмсағырақ дәмді таңдаңыз немесе алдын ала ұнтақталған кофе мөлшерін азайтыңыз.
FILL BEANS CONTAINER (ДӘНДЕР ЫДЫСЫН ТОЛТЫРЫҢЫЗ)	Кофе дәндері таусылған.	Дәндер ыдысын толтырыңыз (A3 - 14-сурет).
	Алдын ала ұнтақталған кофе воронкасы (A4) бітеліп қалған.	Құйғышты бөлімінде сипатталғандай тәсілмен арнайы қылшақтың (C5) көмегімен босатыңыз "12.8 Pulizia dell'imbuto per l'introduzione del caffè pre-macinato".
INSERT INFUSER ASSEMBLY (Демдеу торын салыңыз)	Демдеу торы (A15) орнына салынбаған.	Демдеу торын тарауында сипатталғандай етіп енгізіңіз "12.9 Демдеу торын тазалау".
INSERT TANK (ЫДЫСТЫ САЛЫҢЫЗ)	Ыдыс (A16) орнына дұрыс салынбаған.	Ыдыс орнына дұрыс салынбаған.
GENERAL ALARM (Жалпы дабыл)	Құрылғының іші өте лас.	"12. Тазалау" бөлімінде сипатталғандай етіп мұқият тазартыңыз. Бұл хабар тазаланған соң да көрсетілсе, қызмет орталығымен хабарласыңыз.
WATER CIRCUIT EMPTY FILL WATER CIRCUIT (АЙНАЛЫМ БОС, АЙНАЛЫМДЫ ТОЛТЫРЫҢЫЗ) "HOT WATER" (ЫСТЫҚ СУ) "Press OK" (OK түймесін басыңыз)	Су айналымы бос	OK (B3) түймесін басып, шүмектен (C6) әдеттегідей су шыққанға дейін су құйыңыз. Егер ақаулық кетірілмесе, су ыдысының (A16) тірекке дейін қойылғанына көз жеткізіңіз.
REPLACE FILTER (СҮЗГІНІ АУЫСТЫРЫҢЫЗ)	Су жұмсартқыш сүзгі (C4) бітеліп қалған.	Сүзгіні салыңыз немесе оны "15. су жұмсартқыш сүзгі" бөлімінде сипатталғандай етіп шығарыңыз.
SET DIAL TO CLEAN (ДӨҢГЕЛЕКТІ ТАЗАЛАУ РЕЖИМИНЕ ОРНАТЫҢЫЗ)	Жақында сүт құйылған, сүт ыдысының (D) ішіндегі түтіктерді тазалау керек.	Көпіршікті реттеу дөңгелегін (D1) "CLEAN" (ТАЗАЛАУ) (25-сурет) бағытына бұраңыз.

INSERT WATER SPOUT (СУ ШҮМЕГІН ЕНГІЗІҢІЗ)	Ыстық су шүмегі (C6) енгізілмеген немесе дұрыс енгізілмеген	Су шүмегін орнына түскенше енгізіңіз.
INSERT MILK CONTAINER (СҮТ ЫДЫСЫН САЛЫҢЫЗ)	Сүт ыдысы (D) дұрыс салынбаған.	Сүт шүмегін (23-сурет) орнына түскенше енгізіңіз.

19. АҚАУЛЫҚТАРДЫ ЖОЮ

Төменде кейбір ықтимал ақаулықтар көрсетілген.

Ақау, сипатталған тәсілдермен кетіріле алмаса, онда Техникалық Қолдау Қызметімен хабарласу керек.

ПРОБЛЕМА	ЫҚТИМАЛ СЕБЕБІ	ШЕШІМІ
Кофе ыстық емес.	Кеселер алдын ала қыздырылмайды.	Кеселерді ыстық сумен шаю арқылы алдын ала жылытыңыз (Ескеріңіз: сіз ыстық су функциясын пайдалана аласыз).
	Қайнату бөлігі суып қалған, себебі соңғы кофе жасалғалы 2/3 минут өткен.	Кофе жасамас бұрын, демдеу торын шаюға және қыздыруға арналған функцияны пайдаланыңыз ("8.1 Шаю" бөлімін қараңыз).
	Төменгі кофе температурасы орнатылды.	Мәзірден жоғарырақ кофе температурасын орнатыңыз ("8.8 Температураны орнату" бөлімін қараңыз).
Кофе көпіршігі жеткілікті емес.	Кофе тым ірі етіліп тартылған.	Кофе тартқыш (A5) жұмыс істеп тұрған кезде тартуды реттеу тетігін сағат тілі бағытына қарсы «1» санына қарай бір рет бұраңыз (13-сурет). Кофе қанағаттанарлықтай тартылмайынша сыртылдата бұрауды жалғастырыңыз. Нәтиже тек 2 кофе дайындалғаннан кейін барып білінеді (мына бөлімді қараңыз: "9.4 Кофе тартқышты реттеу").
	Кофе жарамсыз.	Эспрессо құрылғылары үшін ұнтақ кофе пайдаланыңыз.

Кофе тым баяу құйылады немесе тамшылап тұрады.	Кофе тым майда етіліп тартылған.	Кофе тартқыш (A5) жұмыс істеп тұрған кезде тартуды реттеу тетігін сағат тілі бағытына қарсы «7» санына қарай бір рет бұраңыз (13-сурет). Кофе қанағаттанарлықтай тартылмайынша сыртылдата бұрауды жалғастырыңыз. Нәтиже тек 2 кофе дайындалғаннан кейін барып білінеді (мына бөлімді қараңыз: "9.4 Кофе тартқышты реттеу").
Бір немесе екі шүмектен кофе ақпайды.	Кофе шүмегінің ұшы (A7) бітеліп қалған.	Шүмектерді тіз тазартқышпен тазалаңыз (31-сурет).
Кабель дұрыс қосылмаған	Қуат кабелінің ашасы (C7) ұяшыққа нашар салынған.	Кабельді құрылғының артындағы ұяшыққа қосыңыз (1-сурет).
	Аша розеткаға салынбаған.	Розеткаға қосыңыз (1-сурет).
	Негізгі қосқыш (A20) іске қосылмаған.	Растау үшін түймесін басыңыз (2-сурет).
Демдеу торын шығару мүмкін емес	Құрылғы дұрыс ажыратылмаған	 түймесін (B1) басу арқылы құрылғыны өшіріңіз ("7. Құрылғыны өшіру" бөлімін қараңыз).
Шүмектерден (D5) сүт ақпайды	Сүт ыдысының (D) қақпағы (D2) кірлеген	Сүт ыдысының қақпағын "12.10 Сүт ыдысын тазалау" бөлімінде сипатталғандай етіп тазалаңыз.
Сүтті үлкен көбіктер бар және ол сүт шүмегінен (D5) шашырап шығады немесе аз ғана көпіршік шығады	Сүт жеткілікті деңгейде салқын емес немесе ол жартылай шайқалмаған.	Толықтай немесе жартылай майсыздандырылған сүтті тоңазытқыш температурасы (шамамен 5°) болған кезде пайдаланыңыз. Майсыздандырылған немесе жартылай майсыздандырылған сүтті пайдаланған жөн.
	Көпіршікті реттеу дөңгелегі (D1) нашар реттелген.	"10.2 Көпіршік мөлшерін реттеу" тарауында келтірілген ұсыныстарға сәйкес реттеңіз.
	Сүт ыдысының қақпағы (D2) немесе көпіршікті реттеу дөңгелегі (D1) бітеліп қалған	Сүт ыдысының қақпағы мен тұтқасын "12.10 Сүт ыдысын тазалау" бөлімінде сипатталғандай етіп тазалаңыз.
	Ыстық су/бу түтігінің қондырмасы (A8) кірлеген	Қондырманы "12.11 Ыстық су/бу түтігінің қондырмасын тазалау" бөлімінде сипатталғандай етіп тазалаңыз.